

МАЗМУНЫ

1. НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУЛЕР.....	154
2. МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ .	155
2.1 Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар.....	155
2.2 Пайдалану мақсаты	155
2.3 Пайдалану нұсқаулығы	155
3. КІРІСПЕ	155
3.1 Жақшадағы әріптер.....	155
3.2 Ақаулықтарды жою және жөндеу	156
4. СИПАТТАМА.....	156
4.1 Құрылғының сипаттамасы	156
4.2 Сенсорлы экранның сипаттамасы	156
4.3 Керек-жарақтар сипаттамасы	157
5. ПАЙДАЛАНБАС БҮРЫН	157
5.1 Құрылғыны тексеру	157
5.2 Құрылғыны орнату	157
5.3 Құрылғыны жалғау	157
5.4 Құрылғы параметрлерін орнату... ..	157
6. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ	157
7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ АЖЫРАТУ ҮШІН	158
8. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ	158
9. ТЕМПЕРАТУРАНЫ ОРНАТУ БӨЛІМІ	158
10. АВТО ӨШІРУ	158
11. ҚУАТ ҮНЕМДЕУ	159
12. ӘДЕПКІ МӘНДЕР (ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ)	159
13. КОФЕ ЖАСАУ	159
13.1 Кофе дәмін таңдау	159
13.2 Кеседегі кофе мөлшерін таңдау ..	159
13.3 Кофе тартқышты реттеу.....	160
13.4 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер	160
13.5 Кофе дәндерінен кофе жасау .	160
13.6 Ынтақ кофеден кофе жасау	161
13.7 Кофе дәндерінен ДИППО+ кофесін жасау	161
13.8 ДИППО+ кофесінің мөлшерін реттеу	161
13.9 Кофе дәндерінен ЛОНГ кофесін жасау	161
13.10 Ынтақ кофеден ЛОНГ кофесін жасау	162
13.11 «ЛОНГ» кофесінің мөлшерін реттеу	162
14. КАППУЧИНО ЖАСАУ	162
14.1 Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау... ..	163
15. ЫСТЫҚ СУ ҚҰЮ	163
16. ТАЗАЛАУ	163
16.1 Құрылғыны тазалау	163
16.2 Құрылғының ішкі айналымын қақтан тазалау.....	163
16.3 Тартылған кофе ыдысын тазалау	164
16.4 Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау	164
16.5 Кофе құрылғысын ішін тазалау... ..	164
16.6 Су ыдысын тазалау.....	164
16.7 Кофе шүмектерін тазалау	164
16.8 Ынтақ кофе воронкасын тазалау.. ..	164
16.9 емдеу торын тазалау.....	165
17. АҚ ТАЗАЛАУ	165
18. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ	166
18.1 Су қаттылығын өлшеу.....	166
18.2 Су қаттылығын орнату.....	166
19. СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ (*КЕЙБІР ҮЛГІЛЕРДЕ ҒАНА БАР)	167
19.1 Сүзгіні орнату	167
20. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР	167
21. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ..	168
22. ШАМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТҮСІНДІРУ .	169
23. ҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ	171

1. НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУЛЕР

- Құрылғыларды қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.
- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды: дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе сым зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА АРНАЛҒАН:

- Құрылғы қараусыз қалатын кезде және оны құрастыру, оның бөлшектерін шешу немесе тазалау алдында оны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.
- Бұл құрылғымен балалар ойнамаулары керек. Құрылғыны және оның сымын балалардан аулақ ұстаңыз.
- Құрылғыларды қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.
- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

2. МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

2.1 Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар

Маңызды ескертулер осы таңбалармен анықталады. Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады.



Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.




Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



Күйіп қалу қаупі бар!

Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды кеңесті немесе ақпаратты білдіреді.



Қауіпті!

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен тұртпеңіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан сымнан ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратуыңыз керек.
- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз. Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
- Құрылғыны тазаламас бұрын, оны әрқашан розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



Маңызды:

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін.

Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

Құрылғы қолданып жатқан кезде, кесе текшесі өте ыстық болуы мүмкін.

2.2 Пайдалану мақсаты

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған.

Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

2.3 Пайдалану нұсқаулығы

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Мұндай пайдалану нұсқауларын елемей күйіп қалуға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемейден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.



Ескеріңіз:

Осы пайдалану нұсқаулығын сақтап қойыңыз. Егер құрылғы басқа адамдарға берілсе, оларды осы пайдалану нұсқаулығымен бірге беру керек.

3. КІРІСПЕ

Осы дәннен эспрессо және капучино жасау құрылғысын таңдағаныңызға рахмет.

Жаңа құрылғыңызды рахатыңызға пайдаланасыз деп үміттенеміз. Осы пайдалану нұсқаулығын оқып шығуға бірнеше минут бөліңіз. Бұл барлық қауіп-қатерлер мен құрылғының зақымдануының алдын алады.

3.1 Жақшадағы әріптер

Жақша ішіндегі әріптер 2-3-беттердегі “Құрылғы сипаттамасы” бөліміндегі шартты белгілерге сілтейді.

3.2 Ақаулықтарды жою және жөндеу

Проблемалар болған жағдайда, алдымен оларды «Шамдар түсіндірмесі және «Ақаулықтарды жою» бөлімінде берілген ақпаратқа жүгіне отырып шешуге тырысыңыз. Егер проблема осылай шешілмесе және қосымша ақпарат талап етсеңіз, “Тұтынушыларды қолдау қызметі” қосымша парағында берілген нөмірге қоңырау шалу арқылы тұтынушыны қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Егер еліңіз берілген елдер тізімінен табылмаса, кепілдікте берілген нөмірге қоңырау шалыңыз. Егер жөндеу қажет болса, De’Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерімен ғана хабарласыңыз. Мекенжайлар құрылғымен бірге берілген кепілдік куәлігінде берілген.

4. СИПАТТАМА

4.1 Құрылғының сипаттамасы

(3-бет - А)

- A1. Дәндер ыдысының қақпағы
- A2. Ұнтақ кофе воронкасының қақпағы
- A3. Дәндер ыдысы
- A4. Тартылған кофе воронкасы
- A5.  түймесі: құрылғыны іске қосады және өшіреді (күту режимі)
- A6. Кесе текшесі
- A7. Капучино жасағыш (алынбалы)
- A8. Ыстық су және бу түтігінің қондырмасы
- A9. Кофе шүмегі (биіктігі реттеледі)
- A10. Су жиналатын науа
- A11. Кесе науасы
- A12. Тамшы науасындағы су деңгейінің көрсеткіші
- A13. Тамшы науасы
- A14. Тартылған кофе ыдысы
- A15. Негізгі қосқыш (ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ))
- A16. Демдеу торының қақпағы
- A17. Демдеу торы
- A18. Су ыдысы
- A19. Су жұмсартқыш сүзгінің корпусы
- A20. Су ыдысының қақпағы
- A21. Тартуды реттеу дөңгелегі
- A22. Қуат сым

4.2 Сенсорлы экранның сипаттамасы

(2-бет - В)

Тақтадағы бірнеше белгішенің қос функциялары бар. Ол сипаттамада жақшалардың ішінде көрсетілген.

B1. Бу/ыстық су тетігі 

B2. Белгіше : 1 кесе қысқа кофе жасауға арналған

B3.  шамы жыпылықтайды: құрылғы қызуда

B4.  шамы:

- тұрақты: ұнтақ кофе ыдысын қайта салыңыз (A15)
- жыпылықтауда: ұнтақ кофе ыдысын босату керек

B5.  шамы: су ыдысын толтырыңыз (A18)

B6.  шамы: жалпы дабыл

B7.  шамы жыпылықтайды: құрылғыны қақтан тазалау керек

B8. Белгіше : 2 кесе лонг кофесін жасайды

B9. Кофе дәмін таңдау тетігі 

B10.  белгішесі: параметрлер мәзірінде (шаю айналымын орындайды: ағымдағы бағдарламалаудан шығу үшін басыңыз)

B11. Белгіше : 1 кесе лонг кофесін жасайды

B12. Белгіше :

- тұрақты: бу функциясын бұрайды (параметрлер мәзірінде болғанда: ағымдағы бағдарламалауды растау үшін басыңыз)
- жыпылықтауда: бу/ыстық су тетігі бұралу керек (B1)

B13. Белгіше : бір кесе ЛОНГ кофесін жасайды (параметрлер мәзірінде болғанда: әртүрлі таңдаулар/параметрлер арқылы айналдыру үшін басу)

B14. Белгіше : 2 кесе қысқа кофе жасауға арналған

B15. Белгіше : 1 кесе ДИППО + кофесін жасау үшін

4.3 Керек-жарақтар сипаттамасы

(2-бет - С)

- С1. “Жалпы қаттылықты тексеру”
көрсеткішінің қағазы
С2. Ұнтақ кофе өлшеуіші
С3. Қақ тазартқыш
С4. Су жұмсартқыш сүзгі (*кейбір үлгілерде
ғана бар)
С5. Тазалау щеткасы

5. ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН

5.1 Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз. Егер құрылғының зақымданғаны көрініп тұрса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

5.2 Құрылғыны орнату



Маңызды!

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- Бұл құрылғы қызады. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал кофе құрылғысының үстіне 15 см бос орын қалдырыңыз.
- Кофе құрылғысына кірген су оны зақымдауы мүмкін. Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.
- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін. Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.
- Сымды қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).

5.3 Құрылғыны жалғау



Маңызды!

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз. Егер розетка

қуаты құрылғыдағы қуатқа сай болмаса, тиісті розетка түрін білікті маманға ауыстыртыңыз.

5.4 Құрылғы параметрлерін орнату



Ескеріңіз:

- Құрылғыны зауытта тексерген кезде кофе пайдаланылды, сондықтан, кофе тартқышта кофе іздері қалса, бұл – қалыпты нәрсе. Дегенмен, бұл құрылғының жаңа екеніне кепілдік беріледі.
- Судың қаттылығын «Су қаттылығын реттеу» (-бет) бөліміндегі пайдалану нұсқаулығына жүгіне отырып тез арада реттеңіз.

Келесі әрекетті орындаңыз:

1. Су ыдысын шығарыңыз (A18- 1-сурет), МАХ жолағына дейін таза сумен толтырып (2-сурет), құрылғыға қайта салыңыз.
2. Сыйымдылығы кемінде 100 мл болатын ыдысты капучино жасағыш астына қойыңыз (A7) (3-сурет).
3. Құрылғыны розеткаға қосып, құрылғының бүйіріндегі негізгі қосқышты басыңыз (A15) (4-сурет).
4.  белгішесі түрту экранында (B12-5-сур.) жыпылықтайды.
5. Бу тетігін «I» бағытына бұраңыз (6-сурет). Капучино жасағыштан су ағады.
6. Ағу автоматты түрде тоқтаған кезде бу тетігін «O» қалпына бұраңыз.

Құрылғы сөнеді.

Оны қайтадан пайдалану үшін,  түймесін (A5 - 7-сурет) қайтадан басыңыз.



Ескеріңіз:

- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, ол қанағаттанарлық нәтижені 4-5 кесе кофе жасағаннан кейін береді.

6. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ



Ескеріңіз!

- Құрылғыны іске қоспас бұрын, негізгі қосқыштың қосылғанын (A15) тексеріңіз (4-сурет).
- Құрылғы іске қосылған сайын, ол кедергі жасауға болмайтын алдын ала қыздыру және шаю циклін автоматты түрде орындайды. Құрылғы тек осы цикл

аяқталған соң ғана пайдалануға дайын болады.



Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмегінен (A9) шамалы су шығады және төмендегі тамшы науасына (A13) жиналады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

- Құрылғыны іске қосу үшін түймесін ((A5-7-сурет) басыңыз: құрылғы қызу және автоматты түрде шаю циклін орындап жатқан кезде, шамы (B3) жыпылықтайды. Ыстық суды ішкі жүйемен айналдыру арқылы құрылғы қазандықты және ішкі түтіктерді қыздырады.

шамы сөнген кезде және кофе шамдары жанған кезде құрылғы қажетті температураға жеткені.

7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ АЖЫРАТУ ҮШІН

Құрылғы кофе жасау үшін пайдаланылғаннан кейін кез келген уақытта ол автоматты шаю процесін орындайды.



Күйіп қалу қаупі бар!

Durante il risciacquo, dai beccucci dell'erogatore del caffè (A9) fuoriesce un po' di acqua calda. Prestare Important a non venire in contatto con spruzzi d'acqua.

- Құрылғыны өшіру үшін түймесін (A5-7-сурет) басыңыз.
- шамы (B3) құрылғының өшірілгенін көрсету үшін басқару тақтасында жыпылықтайды.



Ескеріңіз!

Құрылғыны біраз уақыт бойы пайдаланбайтын босаңыз, розеткадан ажыратыңыз:

- алдымен құрылғыны түймесін (7-сурет) басу арқылы өшіріңіз.
- Құрылғының бүйіріндегі негізгі қосқышты (A15) басыңыз (4-сурет).



Маңызды!

Құрылғы іске қосылуы болған кезде негізгі қосқышты ешқашан баспаңыз.

8. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ

Судың қаттылығын орнату бойынша пайдалану нұсқаулығын келесі бөлімнен қараңыз.

9. ТЕМПЕРАТУРАНЫ ОРНАТУ БӨЛІМІ

Кофе (төмен, орташа, жоғары, ең жоғары) жасау үшін пайдаланылатын судың температурасын өзгерткіңіз келсе, мыналарды орындаңыз:

1. Құрылғы ажыратылғанда (күту режимінде болғанда), бірақ негізгі қосқыш (A15) басылып тұрғанда (4-сурет).
2. Түрту экранындағы шамдар мен белгішелер (B) жанғанша (B2) белгішесін басып, ұстап тұрыңыз.
3. Қажетті температураны орнату үшін (B13) белгішесін басыңыз:

	low (төмен)
	medium (орташа)
	high (жоғары)
	максималды

4. Растау үшін белгішесін (B12) (немесе өзгерістер енгізбей шығу үшін (B10) белгішесін) басыңыз. Шамдар/белгішелер сөнеді.

Осыдан кейін температура бағдарламаланады.

10. АВТО ӨШІРУ

Уақытты құрылғы 15 немесе 30 минуттан немесе 1, 2 немесе 3 сағаттан кейін өшірілетін етіп өзгертуге болады.

Авто өшіру функциясын қайта орнату үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Құрылғы ажыратылғанда (күту режимінде болғанда), бірақ негізгі қосқыш (A15) басылып тұрғанда (4-сурет).
2. Түрту экранындағы шамдар мен белгішелер (B) жанғанша (B8) белгішесін басып, ұстап тұрыңыз.
3. Қажетті уақытты орнату үшін (B13) белгішесін басыңыз:

	15 мин.
	30 мин.
	1 сағат
	2 сағат
	3 сағат

4. Растау үшін  белгішесін (B12) (немесе өзгерістер енгізбей шығу үшін  (B10) белгішесін) басыңыз. Шамдар/белгішелер сөнеді.

Одан кейін автоматты өшіру уақыты бағдарламаланады.

11. ҚҰАТ ҮНЕМДЕУ

Бұл функцияны қуат үнемдеу мүмкіндігін қосу немесе өшіру үшін пайдаланыңыз. Құрылғы ағымдағы Еуропалық ережелерге сай болған кезде, энергия тұтынуды азайту үшін бұл режим әдепкі бойынша іске қосылады. Параметрді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Құрылғы ажыратылғанда (күту режимінде болғанда), бірақ негізгі қосқыш (A15) басылып тұрғанда (4-сурет).
2. Түрту экранындағы шамдар мен белгішелер (B3) жанғанша  (энергияны үнемдеу қосылғанша)  (B13) белгішелерін басып, ұстап тұрыңыз. 
3. ( -B3 шамы) түймешігін қосу немесе ( шамы өшіріледі) энергияны үнемдеу функциясы өшіру үшін  белгішесін қайтадан басыңыз.
4. Растау үшін  белгішесін (B12) (немесе өзгерістер енгізбей шығу үшін  (B10) белгішесін) басыңыз. Шамдар/белгішелер сөнеді.

Енді энергияны үнемдеу параметрі бағдарламанады.



Ескеріңіз:

- Қуат үнемдеу режимінде болған кезде, бірінші кофе құйылғанша бірнеше секунд өтуі мүмкін, себебі құрылғы қайта қызуы керек.

12. ӘДЕПКІ МӘНДЕР (ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ)

Бұл функция барлық параметрлерді қалпына келтіреді (температура, автоматты өшіру, су қаттылығы, энергияны үнемдеу және барлық мөлшер параметрлері әдепкі мәндеріне қалпына келтіріледі).

1. Құрылғы ажыратылғанда (күту режимінде болғанда), бірақ негізгі қосқыш (A15) басылып тұрғанда (4-сурет).
2. Түрту экранындағы белгішелер (B) жанғанша  (B15) белгішесін басып, ұстап тұрыңыз.


3. Әдепкі мәндерді қайта орнату үшін  белгішесін (B12) (немесе өзгерістер енгізбей шығу үшін  (B10) белгішесін) басыңыз. Белгішелер өшеді.

Параметрлер мен көлемдері әдепкі мәндеріне қайта орнатылады.

13. КОФЕ ЖАСАУ

13.1 Кофе дәмін таңдау

Қажетті дәмді орнату үшін кофе дәмін таңдау тетігін (B9) бұраңыз. Оны сағат тілі бағытымен бұрағанда құрылғы тартатын кофе дәндерінің мөлшері көбейеді, осылайша құйылатын кофе қоюлығы да көбейеді. Өте сұйық кофе алу үшін тетікті MIN бағытына, ал өте қою кофе алу үшін MAX бағытына бұраңыз.



Ескеріңіз:

- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, тексеріп көру және қателер жіберу арқылы тетіктің дұрыс бағытын анықтау үшін бірнеше кесе кофе жасау керек болады.
- Тетікті MAX деңгейіне қарай өте қатты жақын орнатпаңыз, әйтпесе кофе өте баяу құйылуы (тамшылап), әсіресе бірден екі кесе кофе жасағанда баяулауы мүмкін.

13.2 Кеседегі кофе мөлшерін таңдау

Бұл құрылғы әдепкі параметр бойынша мына кофе мөлшерлерін автоматты түрде дайындайды:

с ұ р а л ғ а н кофе	белгіше	құйылған мөлшер
1 қысқа кофе		(≈40 мл)
1 лонг кофесі		(≈120 мл)
2 қысқа кофе		(≈40 мл) x2
2 лонг кофесі		(≈120 мл) x2

Құрылғы автоматты түрде кесеге құятын кофе мөлшерін өзгерту үшін, төмендегіні орындаңыз:

- Белгіше жыпылықтамайынша және барлық апат шамдары 4 рет жыпылықтамайынша,  (B2) немесе  белгішесін (B11) басып, ұстап тұрыңыз. Құрылғы кофе құюды бастаған кезде, белгішені босатыңыз;
- кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткен соң, жаңа мөлшерді есте сақтау үшін осы белгішені қайта басыңыз.

Белгіше қайтадан басылған кезде жаңа мөлшерлер есте сақталады.



Ескеріңіз!

Бір кофе мөлшерін бағдарламалау сәйкес екі кеседегі кофе мөлшерін бағдарламайды.

13.3 кофе тартқышты реттеу

Кофе тартқыш әдепкі параметр бойынша кофені дұрыс дайындайтындай етіп орнатылады және оны реттеудің қажеті жоқ. Дегенмен, алғашқы бірнеше кесе кофені жасағаннан кейін кофенің өте әлсіз және кілегейлі емес екендігі немесе оның өте жай құйылатыны байқалса (тамшылап тұрса), оны тартуды реттеу дөңгелегін (A21 - 8-сурет) реттеу арқылы түзетуге болады.



Ескеріңіз!

Тартуды реттеу дөңгелегін тек кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана бұрау керек.



егер кофе өте баяу құйылса немесе мүлдем құйылмаса, дөңгелекті сағат тілі бағытымен "7" санына қарай бір рет "сырт" еткізіп бұраңыз. Толық кілегейлі кофе жасау үшін, сағат тілі бағытына қарсы "1" санына қарай бір рет "сырт" еткізіп бұраңыз (бір бұрағанда бір реттен артық "сырт" еткізіп бұрамаңыз, әйтпесе кофе тамшылап құйылуы мүмкін).

Бұл реттеулердің нәтижесі тек 2 кесе кофе жасалғаннан кейін ғана байқалады. Егер бұл реттеу қажетті нәтижені бермесе, дөңгелекті тағы бір рет "сырт" еткізіңіз.

13.4 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер

Кофе ыстық болуы үшін, мыналарды орындауыңыз керек:

- кофе құйылмас бұрын,  белгішесін (B10) басу арқылы шаю циклін орындаңыз.
- Кеселерді ыстық сумен жылытыңыз (ыстық су функциясын пайдалану).
- «9. Температураны орнату» бөлімінде сипатталғандай кофе температурасын арттырыңыз.

13.5 Кофе дәндерінен кофе жасау



Маңызды!

Ешқашан карамельденген немесе қант қосылған кофе дәндерін пайдаланбаңыз, себебі олар кофе тартқышқа жабысып, оны пайдалануға жарамайтын етуі мүмкін.

1. Ыдысты кофе дәндерімен толтырыңыз (A3- 9-сурет).
2. Кофе шүмектерінің астына орналастырыңыз:
 - 1 кесе кофе жасағыңыз келсе, 1 кесе қойыңыз (10-сурет);
 - 2 кесе кофе жасағыңыз келсе, 2 кесе қойыңыз (11-сурет).
3. Шүмектерді кеселерге (A9) қарай мүмкіндігінше төмендетіңіз. Кілегейлі кофе осылай жасалады (12-сурет).
4. Қажетті кофеге қатысты белгішені басыңыз:

с ұ р а л ғ а н кофе	белгіше
1 қысқа кофе	
1 лонг кофесі	
2 қысқа кофе	
2 лонг кофесі	

5. Дайындау басталады және сенсорлы экранда таңдалған белгіше шамдары тұрақты түрде жыпылықтайды (B).
- Кофе жасалған соң, құрылғы келесі сусынды жасауға дайын болады.

Ескеріңіз:

- Құрылғы кофе жасап жатқан кезде, құюды кез келген уақытта кез келген түймені басы арқылы тоқтатуға болады.
- Құйылып болған соң кеседегі кофе мөлшерін көбейту үшін, кофе белгішелерінің бірін бассаңыз болғаны (3 секунд ішінде).

Кофе жасалған соң, құрылғы келесі сусынды жасауға дайын болады.

Маңызды!

- Егер кофе тамшылап құйылса, тым сұйық болса және жеткілікті деңгейде кілегейлі болмаса немесе тым салқын болса, «Ақаулықтарды жою» бөліміндегі кеңестерді оқыңыз.
- Пайдалану барысында сенсорлы экранда шамдар көрінуі мүмкін. Олардың мағыналары «Шамдар мағынасы» бөлімінде берілген.
- Кофені ыстық етіп жасау туралы ақпаратты «13.4 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер» бөлімінен көріңіз.

13.6 нтақ кофеден кофе жасау

Маңызды!

- Ұнтақ кофе воронкасына (A4) ешқашан кофе дәндерін салмаңыз, себебі олар құрылғыны бұзуы мүмкін.
- Құрылғы өшірулі кезде ешқашан ұнтақ кофені салмаңыз, әйтпесе ол құрылғының қуыс-қуыстарына таралып, оны былғауы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Ешқашан 1 деңгейлі мөлшерден (C2) артық пайдаланбаңыз, әйтпесе ол кофе құрылғысының ішін былғауы немесе воронканы бітеп тастауы мүмкін.



Ескеріңіз!

Ұнтақ кофені пайдаланған кезде, сіз бір уақытта тек бір кофе жасай аласыз.

1. Құрылғының қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2.  бу дөңгелегін сағат тіліне қарсы (B9)  бағытына бұраңыз.

3. Ұнтақ кофе воронкасының қақпағын (A2) ашыңыз.
4. Воронканың (A4) бітеліп қалмағанына көз жеткізіп, бір деңгей мөлшеріндегі ұнтақ кофені салыңыз (13-сурет).
5. Кофе шүмегінің астына бір кесе қойыңыз (A9 - 10-сурет).
6. 1 кесе кофе белгішесін  басыңыз (B2).
7. Дайындау басталады.

Ескеріңіз!

Егер «Қуат үнемдеу» режимі белсенді болса, бірінші кофе құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

13.7 Кофе дәндерінен ДИППО+ кофесін жасау

«13.5 Кофе дәндерінен кофе жасау» бөліміндегі нұсқауларды орындау арқылы құрылғыны дайындаңыз,  (B15) белгішесін басыңыз.

13.8 ДИППО+ кофесінің мөлшерін реттеу

Құрылғы әдепкі параметр бойынша шамамен 120 мл «ДИППО+» кофесін құю режиміне орнатылады. Осы параметрлерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Кофе шүмектерінің (A9) астына жеткілікті үлкен кесені немесе шыныаяқты қойыңыз.
2.  белгішесін (B15) белгіше жыпылықтағанша және барлық сигнал шамдары 4 рет жыпылықтағанша басып тұрыңыз (14-сурет).
3.  белгішесін босатыңыз. Құрылғы кофе құюды бастайды.
4. Кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткен соң,  белгішесін қайта басыңыз.

Кеседегі орнатылған кофе мөлшері бағдарламаланды.

Ескеріңіз!

Ең кемі – 80 мл мөлшерді бағдарламалай аласыз.

Ең көбі – 160 мл мөлшерді бағдарламалай аласыз.

13.9 Кофе дәндерінен ЛОНГ кофесін жасау

«13.5 Кофе дәндерінен кофе жасау» бөліміндегі нұсқауларды орындау арқылы құрылғыны дайындаңыз,  (B13) белгішесін басыңыз.

13.10 Ұнтақ кофеден ЛОНГ кофесін

жасау

1.  «13.6 Кофе дәндерінен кофе жасау» бөлімінің 1, 2, 3 және 4 тарауларындағы нұсқауларды орындап, белгішесін (B13) басыңыз.
2. Құрылғы кофе құюды бастайды. Дайындаудың жартылай жолында шам  (B6) жанады және шам  (B4) мен белгіше  жыпылықтайды.
3. Воронкаға тартылған кофені салыңыз (A4).
4.  белгішесін басыңыз. Дайындау жалғасады.

13.11 «ЛОНГ» кофесінің мөлшерін

реттеу

Құрылғы әдепкі параметр бойынша шамамен 180 мл ҰЗЫН кофесін құю режиміне орнатылады. Осы параметрлерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Кофе шүмектерінің (A9) астына жеткілікті үлкен кесені немесе шыныаяқты қойыңыз.
2.  белгішесін (B13) белгіше жыпылықтағанша және барлық сигнал шамдары 4 рет жыпылықтағанша басып тұрыңыз.
3. Белгішені босатыңыз . Құрылғы кофе құюды бастайды.
4. Кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткен соң,  белгішесін қайта басыңыз.

Кеседегі орнатылған кофе мөлшері бағдарламаланды.

14. КАППУЧИНО ЖАСАУ



Күйіп қалу қаупі бар!

Дайындау барысында бу шығады. Күйіп қалудан сақ болыңыз.

1. Капучино жасаған кезде, кофені үлкен кесеге жасаңыз.
2. Ыдысқа (мүмкін болса, күйіп қалудан сақ болу үшін сабы бар ыдысты пайдаланыңыз) әрбір капучино үшін шамамен 100 грамнан сүт құйыңыз. Ыдысты таңдаған кезде сүттің көлемі екі немесе үш есе көбейетінін ескеріңіз.



Ескеріңіз:

Қоюлау көпіршікке қол жеткізу үшін, тоңазытқыш температурасында (шамамен 5°C) сақталған шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдаланыңыз. Көпіршігі нашар немесе көбіктері үлкен сүт болмас үшін, капучино жасағышты әрқашан «Капучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау» бөлімде сипатталғандай етіп тазалаңыз.

3. Кез келген көлемдегі ыдысты сыйғызу үшін капучино жасағышты (A7) аздап бұрауға болады.
4. Капучино жасағышты сүт ыдысына батырыңыз. Қара сақинаны ешқашан батырмаңыз.
5.  (B12) белгішесін басыңыз. Құрылғының қыздырылғанын көрсету үшін  (B3) шамы жыпылықтайды.
6. Құрылғы температурада болғанда, шам өшеді  және белгіше  жыпылықтайды.
7. Ыстық су/бу тетігін  (B1) I бағытына бұраңыз. Кілегейлі көпіршік жаса үшін ыдысты жайлап қана жоғары қарай ырғап жылжытыңыз. (Буды бір басқанда 3 минуттан артық құйып тұруға болмайды.)
8. Қалаған көпіршікті алған соң, тетікті «0» бағытына бұрау арқылы буды тоқтатыңыз.  белгішесі жыпылықтайды.
9. Бу функциясынан  шығу үшін кез келген түймені басыңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Қайнап жатқан сүттің шашырауынан күйіп қалуға жол бермес үшін, көпіршікті сүті бар ыдысты алмас бұрын буды тоқтатыңыз.

10. Сүт көпіршігін бұған дейін дайындалған кофеге қосыңыз. Капучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.




Ескеріңіз!

Егер «Қуат үнемдеу» режимі белсенді болса, бу шығарылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

14.1 Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау.

Сүт қалдықтарының жиналуына және бітеліп қалуға жол бермес үшін, каппучино жасағышты (A7) әрбір қолданыстан кейін тазалап отырыңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Каппучино жасағышты тазалап жатқан кезде шүмектен шамалы ыстық су ағады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

1. Ыстық су/бу тетігін  (B1) I қалпына бұру арқылы аздап су құйыңыз. Одан кейін тетікті қайтадан 0 бағытына бұру арқылы құйылуды тоқтатыңыз.
2. Каппучино жасағыш суығанша бірнеше минут күтіңіз. Каппучино жасағышты алу үшін оны төмен бұрап алыңыз (15-сурет).
3. Қондырманы төмен қарай шығарыңыз (A8 - 16-сурет).
4. 17-суреттегі көрсеткімен көрсетілген екі тесіктің бітелмегенін тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз.
5. Қондырманы орнына салып, каппучино жасағышты қондырмаға жоғары қарай итеру және орнына түскенше бұрау арқылы қайта енгізіңіз.

15. ЫСТЫҚ СУ ҚҰЮ



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар.

Ыстық су құю барысында құрылғыны ешқашан қараусыз қалдырмаңыз. Су құйылып жатқан кезде су шүмегі қызады, сондықтан оны тек сабынан ғана ұстау керек.

1. Каппучино жасағыш (A7) астына ыдыс қойыңыз (шашыраудың алдын алу үшін барынша жақын қойыңыз).
2. Ыстық су/бу тетігін  (B1) I қалпына бұраңыз.
4. Ыстық судың қолмен құйылуын тоқтату үшін, ыстық су/бу тетігін  0 бағытына бұраңыз.



Ескеріңіз!

Егер «Қуат үнемдеу» режимі белсенді болса, ыстық су және бу шығарылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

16. ТАЗАЛАУ

16.1 Құрылғыны тазалау

Құрылғының мына бөліктерін тұрақты түрде тазалап отыру керек:

- құрылғының ішкі тогы;
- тартылған кофе ыдысы (A14),
- тамшы науасын (A13) және су жиналу науасын (A10) қалыпты түрде тазалау;
- су ыдысы (A18),
- кофе шүмектері (A9),
- каппучино жасағыш (A8),
- ыстық су/бу түтігінің қондырмасы (A9),
- ұнтақ кофе воронкасы (A2),
- демдеу торы (A17), қызмет көрсету қақпағын (A16) ашқан соң қол жетімді болады,
- басқару тақтасы (B).



Маңызды!

- Құрамдас бөліктердің ешқайсысын ыдыс жуғышта жууға болмайды.
- Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштерді, қырғыш заттарды немесе спиртті пайдаланбаңыз. De'Longhi супер автоматты кофе құрылғыларын тазалау үшін тек осы құрылғыларға арналған химикаттарды ғана пайдалануыңыз керек.
- Қоқымдарды және кофе қалдықтарын кетіру үшін металдан жасалған заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының металл немесе пластмасса бөліктерін сырып тастауы мүмкін.

16.2 Құрылғының ішкі айналымын қақтан тазалау

Құрылғы 3/-4 күн бойына қолданылмайтын болса, оны қайтадан қолданбас бұрын, құрылғыны қайта қосуды және мына әрекеттерді орындауды ұсынамыз:

-  белгішесін (B10) басу арқылы 2 немесе 3 шаю циклін орындау.
- ыстық су/бу тетігін (B1) I қалпына бұрау арқылы ыстық суды жеткізу.



Ескеріңіз:

Тазалап болғаннан кейін тарту ыдысында (A14) судың болуы қалыпты жағдай.

16.3 Тартылған кофе ыдысын тазалау

Дисплейде  (B4) шамы жыпылықтаған кезде, ұнтақ кофе ыдысын (A14) босату және тазалау керек. Бұл құрылғы тартылған кофе ыдысы (A14) тазаланбайынша кофе жасау үшін пайдаланылмайды. Толық болмаса да, бірінші кофе дайындалғаннан кейін 72 сағат ішінде тартылған кофе ыдысын босату туралы хабар көрсетіледі. 72 сағатты дұрыс есептеу үшін, құрылғыны қуат қосқышымен ешқашан өшірмеу керек.

Тазалау үшін (тек құрылғымен):

- Тамшы науасын шығарыңыз (A13 -18-сурет), босатыңыз және тазалаңыз.
- Ұнтақ кофе ыдысын (A14) босатып, түбінде қалған барлық қалдықтарды кетіру үшін мұқият тазалаңыз. Оны берілген щеткадағы (C2) қырғышпен орындауға болады.
- Су жиналу науасын (A10) тексеріңіз және қажет болса босатыңыз (19-сурет).



Маңызды!

Тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, ұнтақ кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.

16.4 Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау



Маңызды!

Тамшы науасы (A13) ондағы су деңгейін көрсететін деңгей көрсеткішімен (қызыл) (A12) белгіленген (20-сурет). Тамшы науасын индикатор кесе науасынан шығып тұрғанға дейін босату керек, әйтпесе, су науа жиегінен асып шығып, құрылғыны, құрылғы орналасқан жерді немесе оның айналасын бүлдіруі мүмкін.

Тамшы науасын алу үшін:

1. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын шығарыңыз (A14) (18-сурет);
2. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын босатыңыз және жуыңыз.
3. Су жиналу науасын (A10) тексеріңіз және қажет болса босатыңыз.
4. Тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын орындарына салыңыз.

16.5 Кофе құрылғысын ішін тазалау



Электр тогына түсу қаупі бар!

Ішкі бөліктерді тазаламас бұрын, құрылғыны өшіру («Өшіру» бөлімін көріңіз) және розеткадан ажырату керек. Кофе құрылғысын ешқашан суға батырмаңыз.

1. Құрылғының іші (тамшы науасын (A13) алған соң қол жетімді болады) кірлемегенін тұрақты түрде (шамамен аптасына бір рет) тексеріп отырыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын берілген щеткамен (C5) және губкамен тазалаңыз.
2. Қалдықтарды шаңсорғышпен тазалаңыз (21-сурет).

16.6 Су ыдысын тазалау

1. Су ыдысын (A18) тұрақты түрде (шамамен айына бір рет және су жұмсартқыш сүзгіні (C4) (егер берілсе) орнына салған сайын) дымқыл шүберекпен және шамалы жұмсақ ыдыс жуғыш сұйық затпен тазалап отырыңыз.
2. Сүзгіні алыңыз (егер бар болса) және ағынды сумен шайыңыз.
3. Сүзгіні орнына салыңыз (егер болса), ыдысты таза сумен толтырып, орнына салыңыз.
4. Сүзгіні (тек су жұмсартқыш сүзгісі бар үлгілер) қайта белсендіру үшін шамамен 100 мл ыстық су ағызыңыз.

16.7 Кофе шүмектерін тазалау

1. Кофе шүмектерін (A9) губкамен немесе шүберекпен тұрақты түрде тазалап отырыңыз (22-сурет).
2. Кофе шүмегіндегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, кофе қалдықтарын тіс тазартқышпен кетіріңіз (22-сурет).

16.8 Ұнтақ кофе воронкасын тазалау

Тартылған кофе воронкасының (A4) бітелмегенін тұрақты түрде (шамамен айына бір рет) тексеріп тұрыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын берілген щеткамен (C5) тазалаңыз.

16.9 емдеу торын тазалау

Демдеу торын (A17) кемінде айына бір рет тазалап отыру керек.



Маңызды!

Құрылғы іске қосулы болған кезде демдеу торын алу мүмкін емес.

1. Құрылғының дұрыс өшірілгеніне көз жеткізіңіз (7. «Өшіру» бөлімін көріңіз).
2. Құрылғының оң жағындағы демдеу торы орнының қақпағын (A16 - 23-сурет) ашыңыз.
3. Екі түсті босату түймесін ішке қарай басып тұрып, демдеу торын сыртқа қарай тартып шығарыңыз (24-сурет).
4. Демдеу торын суға шамамен 5 минут батырып қойып, ағынды су астында шайыңыз.



Маңызды!

ТЕК СУМЕН ШАЮ

Ыдыс жуғыш сұйық затты және ыдыс жуғыш құрылғыны пайдаланбаңыз

Демдеу торын ыдыс жуғыш сұйық затсыз тазалаңыз, себебі ол зақымдануы мүмкін.

5. Демдеу торының корпусында (демдеу торы орнының қақпағы арқылы көрінеді) қалған кез келген кофе қалдығын кетіру үшін арнайы щетканы (C5) пайдаланыңыз.
6. Тазалаған соң, демдеу торын ішкі тірекке (25-сурет) қарай сырғыту арқылы орнына салып, «сырт» етіп орнына түскенше PUSH (ИТЕРУ) белгісін толық енгенше ішке қарай басыңыз.



Ескеріңіз:

Егер демдеу торын енгізу қиын болса, енгізбес бұрын оны 26-суретте көрсетілген екі ілгекті басу арқылы тиісті өлшемге бейімдеңіз.

7. Салынған соң, екі түрлі-түсті түйменің шыққанына көз жеткізіңіз (27-сурет).
8. Демдеу торы орнының қақпағын жабыңыз.

17. АҚ ТАЗАЛАУ

Басқару тақтасындағы  шамы жыпылықтаған кезде құрылғы қағын тазалаңыз.



Маңызды!

- Қолданбас бұрын нұсқауларды және қақ тазартқыштағы жапсырмаларды оқып шығыңыз.
- Тек De'Longhi қақ тазалағышын ғана пайдалануыңыз керек. Басқа қақ тазалағышты пайдалану және/немесе қақ тазалауды дұрыс орындамау өнім жасаушысының кепілдігінде қаралмаған ақаулықтарға себеп болуы мүмкін.

1. Құрылғыны өшіру (күту режиміне қою) үшін  түймесін (A5- 7-сурет) басыңыз.
2. Тамшы науасын (A13) және ұнтақ кофе ыдысын (A14) босатып, оларды құрылғыға кері салыңыз.
3.  (B7),  (B12) және  (B10) шамдары жанбайынша,  белгішесін (B11) басып, ұстап тұрыңыз.
4. Су ыдысын (A16) толық босатып, су жұмсартқыш сүзгіні (C5) алыңыз (егер болса).
5. Қақ тазалағышты (C3) ыдыстың ішкі бетінде белгіленген (32-сурет) А деңгейіне дейін құйып (100 мл орамына қатысты), В деңгейіне (32-сурет) дейін бір литр су құйыңыз да, су ыдысын кері салыңыз.
6. Сыйымдылығы кемінде 1,4 литр болатын ыдысты капучино жасағыш (A7) және кофе шүмектерінің (A9) астына қойыңыз (29-сурет).



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Капучино жасағыштан және кофе шүмегінен құрамында қышқылы бар ыстық су ағады. Осы ерітінді шашырандысынан абай болыңыз.

7. Ерітіндіні қосқаныңызды растау үшін  белгішесін басыңыз.
8.  шамы ыстық су/бу тетігін  (B1) I қалпына бұру қажеттігін көрсету үшін жыпылықтайды.
9. Тетік I бағытына бұрылған кезде, қақтан тазалау бағдарламасы басталады және қақтан тазалау құралы капучино жасау құралынан және кофе шүмегінен құйылады. Шаюлар мен тоқтатулар қатарлары

құрылғы ішінен қақ қалдықтарын алып тастау үшін автоматты түрде орындалады. Шамамен 25 минуттан кейін қақтан тазалау тоқтатылып,  белгішесі дисплей тақтасында жыпылықтайды. Ыстық су/бу тетігін  0 қалпына бұраңыз:  шамы (B5) жыпылықтайды.

10. Одан кейін құрылғы таза сумен шаюға дайын болады. Су ыдысын шығарып алыңыз, босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және таза сумен MAX деңгейіне дейін толтырып, құрылғыға салыңыз:  белгішесі жыпылықтайды.

11. Қақ тазалағыш ерітіндіні жинау үшін пайдаланылған ыдысты босатыңыз да, капучино жасағыштың және кофе шүмегінің астына бос күйінде қайта салыңыз (29-сурет).

12. Шаюды бастау үшін ыстық су/бу тетігін  I қалпына бұраңыз. Кофе шүмегімен орындалатын жұмысты жалғастыру және аяқтау үшін ыстық су алдымен капучино жасағыштан беріледі.

13. Су ыдысы толық босаған кезде, басқару тақтасындағы  шамы жыпылықтайды. Ыстық су/бу тетігін  0 қалпына бұраңыз.  шамы жыпылықтайды.

14. Су ыдысын шығарыңыз, суды жұмсартқыш сүзгіні орнына салыңыз (егер осыған дейін алынған болса) босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және салқын сумен MAX деңгейіне дейін толтырып, құрылғыға салыңыз.  белгішесі жыпылықтайды.

15. Шаятын суды жинау үшін пайдаланылған ыдысты босатыңыз да, капучино жасағыштың астына қайта салыңыз.

16. Ыстық су/бу тетігін  I қалпына бұраңыз. Құрылғы тек капучино жасау құралынан шаюды жалғастырады.

17. Су ыдысы толығымен бос болған кезде,  белгішесі мен  шамы сенсорлы экранда жыпылықтайды. Ыстық су/бу тетігін  0 қалпына бұраңыз.

18. Таза сумен су ыдысын MAX деңгейіне дейін толтырып, кері құрылғыға қойыңыз.

Қақ тазалау аяқталды.



Ескеріңіз

- Егер қақ тазалау дұрыс орындалмаса (мысалы, электр кенеттен болмай қалса), циклді қайталауды ұсынамыз.
- Қақты тазалап болғаннан кейін тарту ыдысында (A14) судың болуы қалыпты жағдай.


18. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ

 (B7) шамы біраз уақыт өткен соң су қаттылығына сай жанады.

Бұл құрылғы әдепкі параметр бойынша 4 мәніне орнатылады. Сонымен қатар, бұл құрылғыны әр түрлі аймақтардағы құбыр суының қаттылығына сай бағдарламалау арқылы құрылғыны сирегірек тазалау қажет болатындай етіп орнатуға болады.

18.1 Су қаттылығын өлшеу

1. TOTAL HARDNESS TEST (ТОЛЫҚ ҚАТТЫЛЫҚТЫ ТЕКСЕПУ) индикаторын орамынан (C1) шығарыңыз (ағылшын тіліндегі нұсқауларға тіркелген).
2. Қағазды стакандағы суға бір секундқа толығымен батырып алыңыз.
3. Қағазды судан шығарып, жайлап сілкіңіз. Шамамен бір минуттан соң 1, 2, 3 немесе 4 қызыл шаршы судың қаттылығының деңгейіне қарай көрінеді. Әрбір шаршы бір деңгей болып есептеледі.



18.2 Су қаттылығын орнату

1. Құрылғы ажыратылғанда (күту режимінде болғанда), бірақ негізгі қосқыш (A15) басылып тұрғанда (4-сурет).
2. Ағымдағы параметрді көрсететін шамдармен бірге белгіше шамдары жанбайынша,  белгішесін (B14) басыңыз.

3. Көрсеткіш қағазбен анықталған қаттылықты таңдау үшін  (B13) белгішесін басыңыз.
4. Растау үшін  белгішесін (B12) (немесе өзгерістер енгізбей шығу үшін  (B10) белгішесін) басыңыз.

Құрылғы сол кезде жаңа су қаттылығының параметрімен бағдарламаланады.

19. СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ (*КЕЙБІР ҮЛГІЛЕРДЕ ҒАНА БАР)

Кейбір үлгілерге су жұмсартқыш сүзгі бекітіледі. Егер сіздегі үлгіде ондай болмаса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерінен сатып алуды ұсынамыз.

Сүзгіні дұрыс пайдалану үшін, төмендегі нұсқаларды орындаңыз.

19.1 Сүзгіні орнату


1. Сүзгіні (C4) орамынан шығарыңыз.
2. Күн көрсеткішінің дискісін (30-суретті көріңіз) қолданудың келесі екі айы көрінгенше бұраңыз.



Ескеріңіз:

Құрылғы дұрыс пайдаланылса, бұл сүзгі екі айға жарамды болады. Егер кофе құрылғысы сүзгісі енгізілген күйде пайдаланылмай қалса, сүзгі тек үш аптаға жарамды болады.

3. Сүзгіні іске қосу үшін, суретте көрсетілгендей етіп сүзгі ішіндегі тесік арқылы су ағызыңыз, су бүйірдегі тесіктерден бір минуттан астам ағуы керек (31-сурет).
4. Ыдысты (A18) құрылғыдан шығарып, сумен толтырыңыз.
5. Сүзгіні су ыдысына салып, шамамен он секундтай толық батырыңыз да, ауа көпіршіктерін шығарып жіберу үшін абайлап қисайтыңыз және басыңыз (31-сурет).
6. Сүзгіні корпусына салыңыз (32-сур.) және орнына жеткенше басыңыз.
7. Ыдыстың қақпағын (33-сурет) жауып, ыдысты құрылғыдағы орнына салыңыз.



8. Ыдысты ыстық су шүмегінің (A7) астына орналастырыңыз (ең төменгі сыйымдылық: 500 мл).
9. Ыстық су/бу тетігін  (B1) I қалпына бұрау арқылы ыстық суды құйыңыз.
10. Кемінде 500 мл ыстық суды беріп, ыстық су/бу тетігін кері  0 қалпына бұраңыз. Содан кейін сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысын пайдалана аласыз.

Сүзгіні салу

Екі айдан соң (күн көрсеткішін көріңіз) немесе құрылғы 3 апта бойы пайдаланылмаса, сүзгіні ауыстырыңыз:

1. Ыдысты (A18) және бітеліп қалған сүзгіні (C4) шығарыңыз;
2. Жаңа сүзгіні орамынан шығарыңыз және алдыңғы бөлімнің 2-10 тарауларында көрсетілгендей жалғастырыңыз.

Содан кейін жаңа сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысын пайдалана аласыз.

20. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Қысым	1,5 МПа (15 бар)
Су ыдысының сыйымдылығы	1,4 Л
LxDxH өлшемі	195x480x340 мм
Кабель ұзындығы	1100 мм
Салмағы	9,1 кг
Дәндер ыдысының сыйымдылығы:	200 г

21. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Өнім түрі	өнімдегі жапсырмаға қараңыз
Үлгі	“
Кернеу	“
Жиілік	“
Тұтынылатын қуат	“

Италияда жасалған

De'Longhi Appliances s.r.l.

via L.Seitz, 47 31100 Treviso Italy

Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.

Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия

Ресейге, Белоруссияға және Қазақстанға импорттаушы:

«Делонги» ЖШҚ, Ресей, 127055, Мәскеу қаласы,
Суцёвская көшесі, 27/3-үй (27-үй, 3-құрылым)

Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 5 жылға созылады.

Өнім шығарылған күн өнім жапсырмасының бетінде немесе оның қасында көрсетілуі мүмкін (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411xxx, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC

22. ШАМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТҮСІНДІРУ

КӨРСЕТІЛЕТІН ШАМДАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШАРА
 ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА	Ыдыстағы су жеткіліксіз (A18).	Су ыдысын (A18) толтырыңыз және/немесе «сырт» етіп орнына киілгенше итеру арқылы дұрыстап салыңыз.
 ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА	Ұнтақ кофе ыдысы (A14) толып кеткен.	Ұнтақ кофе ыдысы мен тамшы науасын (A13) босатыңыз, тазалаңыз да орындарына салыңыз (18-сурет). Маңызды: тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, тартылған кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.
 ҚОСУЛЫ	Тазалаған тартылған кофе ыдысы орнына салынбаған.	Тамшы науасын (A13) шығарып, ұнтақ кофе ыдысын орнына салыңыз.
 ҚОСУЛЫ + ЖЫПЫЛЫҚТАУДА	Кофе дәндері таусылған.	Дәндер ыдысын толтырыңыз (9-сурет).
	Алдын ала тартылған кофе воронкасы бітеліп қалған.	Воронканы «16.8 Ұнтақ кофе воронкасын тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп щеткамен босатыңыз.
 ЖЫПЫЛЫҚТАУДА + ҚОСУЛЫ	Воронкаға ұнтақ кофе салынбаса да ұнтақ кофе жасау функциясы таңдалған.	Воронкаға алдын ала ұнтақталған кофені салыңыз немесе pre-ground (ұнтақ кофе) функциясының (13-сурет) таңдауын алыңыз.
 ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА	Құрылғы қағын тазалау керек.	«17.Қақ тазалау» бөліміндегі қақ тазалау процедурасын неғұрлым тезірек орындау керек.

 ЖЫПЫЛЫҚТ. + ҚОСУЛЫ + ЖЫПЫЛЫҚТАУДА.	Тартылған кофе тым майда және кофе өте жай құйылуда немесе мүлдем құйылмауда. Егер су жұмсартқыш сүзгі (C3) болса, түтіктерден ауа көбігі шығып, құюға кедергі жасауы мүмкін.	Кофені тағы да құйып көріңіз және кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бұраңыз (8-сурет). Егер 2 кесе кофе құйылғаннан кейін әлі де жай құйылса, тартуды реттеу дөңгелегін құйылу дұрысталғанша тағы бір рет «сырт» еткізіп бұрау арқылы дұрыстау процедурасын қайталаңыз («16.8 Кофе тартқышты реттеу» бөлімін қараңыз). Ақаулық сақталатын болса, су ыдысы толығымен енгізілгенін тексеріңіз, ыстық су/бу тетігін I қалпына бұраңыз және ағын қалыпты болмайынша аздап су құйыңыз. Бу тетігін ағын қалыпты болмайынша I қалпына бұрау арқылы аздап су құйыңыз.
 ЖЫПЫЛЫҚТ. + ЖЫПЫЛЫҚТ.	Өте көп мөлшердегі кофе пайдаланылған.	 тетігін бұрау арқылы жұмсағырақ дәмді таңдаңыз немесе тартылған кофе мөлшерін азайтыңыз.
 ЖЫПЫЛЫҚТ. + ЖЫПЫЛЫҚТ.  ЖЫПЫЛЫҚТАУДА	Су айналымы бос	Қю тоқтатылғанша, ыстық су/бу тетігін (B1) I қалпына бұраңыз, одан кейін оны қайтадан 0 қалпына апарыңыз. Ыстық су немесе бу құйылғанда апат сигналы шығарылатын болса, тетікті 0 қалпына бұрап, одан кейін құюды жалғастырыңыз. Егер проблема жойылмаса, су ыдысының толық енгізілгенін тексеріңіз.
 ҚОСУЛЫ	Құрылғының іші өте лас.	Құрылғының ішін “16. Тазалау” бөлімінде сипатталғандай етіп мұқият тазалаңыз. Бұл хабар тазаланған соң да көрсетілсе, қызмет орталығымен хабарласыңыз.
 ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА	Тазаланғаннан кейін, демдеу торы орнына салынбаған (A17).	Демдеу торын «16.9 Демдеу торын тазалау» тарауында сипатталғандай етіп енгізіңіз.

 ҚОСУЛЫ + ҚОСУЛЫ	Демдеу торының қақағы (A16) ашық.	Есікті жабыңыз.
 ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА	Ыстық су/бу тетігін бұрау қажеттігін (B1) көрсетеді.	Тетікті (B1) бұрау керек.

23. ҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген. Егер проблема сипатталғандай әдіспен шешілмесе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

Проблема	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШАРА
Кофе ыстық емес.	Кеселер алдын ала қыздырылмайды.	Кеселерді ыстық сумен шаю арқылы алдын ала жылытыңыз (Мынаны ескеріңіз: сіз ыстық су функциясын пайдалана аласыз).
	Демдеу торы (A17) суып қалған, себебі соңғы кофе жасалғалы 2/3 минут өткен.	Кофе жасамас бұрын, шаю функциясын қолданып шаю арқылы демдеуішті қыздырыңыз («Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер» бөлімін қараңыз).
	Төменгі кофе температурасы орнатылды.	Мәзірде ыстығырақ кофе температурасын орнату («9 Температураны орнату» бөлімін қараңыз).
Кофе көпіршігі жеткілікті емес.	Кофе тым ірі етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытына қарсы «1» санына қарай бір рет бұраңыз (8-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі («13,3 Кофе тартқышты реттеу» бөлімін қараңыз).
	Кофе жарамсыз.	Эспрессо құрылғылары үшін ұнтақ кофе пайдаланыңыз.
Кофе тым баяу құйылады немесе тамшылап тұрады.	Кофе тым майда етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бір рет бұраңыз (8-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі («13,3 Кофе тартқышты реттеу» бөлімін қараңыз).

Кофе бір немесе екі шүмектен де ақпайды.	Шүмектер бітеліп қалған.	Шүмектерді тіз тазартқышпен тазалаңыз (22-сурет).
Сүт көпіршітілмеген	Каппучино жасағыш кірлеген.	Каппучино жасағышты «14.1 Каппучино жасағышты пайдаланған соң тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
Бу шығару тоқтатылады	3 минуттан соң қауіпсіздік құрылғысы буды тоқтатып тастайды.	Күте тұрыңыз да, бу функциясын қайта іске қосыңыз.
Құрылғы іске қосылмайды	Сымдағы аша (A22) токқа жалғанбаған.	Розеткаға қосыңыз.
	Негізгі қосқыш (A15) іске қосылмаған.	Негізгі қосқышты басыңыз (4-сурет).
Демдеу торын шығару мүмкін емес.	Құрылғы дұрыс ажыратылмаған.	 түймесін басу арқылы құрылғыны өшіріңіз («7 Өшіру» тарауын қараңыз).
Көпіршітілген сүтте үлкен көбіктер бар	Сүт жеткілікті деңгейде салқын емес немесе ол жартылай шайқалмаған.	Т о ң а з ы т қ ы ш температурасындағы (шамамен 5°C) майсыздандырылған немесе жартылай майсыздандырылған сүтті пайдаланған жөн. Егер нәтиже сіз қалағандай болмаса, басқа компанияның сүтін пайдаланып көріңіз.
Сүт көпіршітілмеген	Каппучино жасағыш кірлеген.	«14.1 Каппучино жасағышты пайдаланған соң тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
Бу шығару тоқтатылады	3 минуттан соң қауіпсіздік құрылғысы буды тоқтатып тастайды.	Күте тұрыңыз да, бу функциясын қайта іске қосыңыз.